



## Эпидемиология кафедрасы

# Қызылша, қызамық, туыла біткен қызамық синдромы кезіндегі шараларды ұйымдастыру, стандартты анықтамасы

Орындаған: Саргелек Н.Н.

Курс: 3

Тобы: ҚДС 15-001-01

Тексерген: Алимханова Қ.Н.

**ҚЫЗЫЛША МЕН ҚЫЗАМЫҚ — БІРІНЕ  
БІРІ ӨТЕ ҰҚСАС ЖҰҚПАЛАР. ЕКЕУІНІҢ  
ДЕ ҚОЗДЫРҒЫШЫ ВИРУС. АУРУ АУА  
АРҚЫЛЫ ЖҰҒАДЫ. ЕКЕУІНЕ ТӘН  
НЕГІЗГІ БЕЛГІ — ДЕНЕДЕ  
БӨРТПЕЛЕРДІҢ ПАЙДА БОЛУЫ.**



- Қызылша- ауа тамшыларымен таралатын жұқпалы ауру. Ол аурумен балалар жиі ауырады, кейде ересектер арасында кездесіп, ауыр түрде өтеді. Көп адамдар қызылшаның бастапқы кезеңін тұмау, жедел респираторлық вирус инфекция ауруларымен, ал бөртпе шыққан кезеңде аллергиялық аурулармен шатастырады.



- **ҚЫЗАМЫҚ** (ЛАТ. *RUBEOLA*)  
— ВИРУС АРҚЫЛЫ ТАРАЙТЫН  
ТЕЗ (ЖЕДЕЛ)  
ЖҰҒАТЫН ЖҰҚПАЛЫ АУРУ.  
ҚЫЗАМЫҚПЕН ЕРЕСЕК  
АДАМДАРДАН ГӨРІ БАЛАЛАР  
(ӘСІРЕСЕ 2 — 10 ЖАС  
АРАЛЫҒЫНДА) ЖИІ АУЫРАДЫ.  
АУРУ НАУҚАС АДАМНАН САУ  
АДАМҒА ЖӨТЕЛГЕНДЕ,  
СӨЙЛЕГЕНДЕ, ТҮШКІРУ КЕЗІНДЕ  
ҚАҚЫРЫҚ, ТҮКІРІК  
ШАШЫРАҒАНДА ЖҰҒАДЫ.  
СОНДАЙ-АҚ, НАУҚАС БАЛАНЫҢ  
ОЙЫНШЫҒЫ, ЫДЫС-АЯҒЫ, Т.Б.  
АРҚЫЛЫ ДА ТАРАЛАДЫ.



- *Қызылша* ауруын қоздырушы морбилливирустар. Ол науқас жөтелгенде, түшкіргенде, сөйлегенде ауа арқылы жұғады. Қызылша тыныс жолдарының шырышты қабатының қабынуымен, улану белгілерімен, дене қызуының көтерілуі, конъюнктивит, катаральді белгілерімен сипатталады. Қызылшаның міндетті түрдегі белгісінің бірі - дақты-папулезді бөртпелер. Ол аурудың 3-4-ші күні шығады. Аурудың клиникалық белгілері науқас адаммен қарым-қатынаста болған күннен бастап 7-13 күн аралығында көрініс бере бастайды. Бұл кезенді инкубациялық, яғни жасырын кезең деп атайды. Одан кейін аурудың белгілері айқын білінеді. Ол үш кезеңнен тұрады: бастапқы кезеңі 3-5 күн, бөртпе шығу-3 күн, дақтану- 2 аптаға дейін созылады.

*ҚЫЗАМЫҚПЕН* БІР РЕТ АУЫРҒАН АДАМ ЕКІНШІ РЕТ АУЫРМАЙДЫ. *ҚЫЗАМЫҚПЕН* БҰРЫН АУЫРМАҒАН ЖҮКТІ ӘЙЕЛДЕР САҚТАНУЫ КЕРЕК (ӘСІРЕСЕ, АЛҒАШҚЫ 3 АЙДА), ЖҰҚТЫРҒАН ЖАҒДАЙДА ҚҰРСАҚТАҒЫ НӘРЕСТЕНІҢ ӨМІРІНЕ ЗИЯН КЕЛУІ, НЕ ӘЙЕЛ ТҮСІК ТАСТАУЫ МҮМКІН. Аурудың жасырын кезеңі 11 — 21 (орта есеппен 16 — 21) күнге дейін созылады.




- Қызылша ауруының бастапқы кезеңінде науқастың дене қызуы көтеріліп, мұрыннан су ағады. Сонымен қатар конъюнктивит, қатты жөтел, круп синдромы дамуы мүмкін. Ұрттың шырышты қабатында қызыл жиекпен қоршалған ұсақ ақ дақтар шығады, ал таңдайында энантемалар пайда болады. Кішкентай балаларда іштің өтуі мүмкін. Ересек балаларда құсу, мұрыннан қан кету және іші ауруы мүмкін.
- Ал бөртпе шығу кезеңінде дене қызуы қайтадан жоғары сандарға көтеріледі. Бөртпе тері жабындысының өзгермеген бетіне шығып, өте көп болады немесе кейде, керісінше, аз мөлшерде әр жерде орналасуы мүмкін. Бөртпелер кезек-кезек: 1-ші күні бетіне, мойнына, 2-ші күні – денесіне, 3-ші күні аяқ – қолдарына шығады. Бөртпелердің кезек бойынша шығуы – қызылшаның маңызды диагностикалық көрінісі болып табылады. 3-4 күннен бастап бөртпелер қоңырланады, сонан соң дақтар қалады, дене қызуы басталады. Дақтар 1-1,5 апта бойы сақталады.





*Қызамықпен* ауырғанда алғашқы кезде жөтеліп, тұмауратқан сияқты болады. Сонан кейін желке тұсында, құлақ айналасы, лимфа түйіндері ісіне бастайды. Басы, тамағы ауырып (баспа), асқа тәбеті болмай, құсады. 1 — 2 күннен кейін алдымен бетке, сонан соң қолтық, шапқа бозғылт-қызғылт майда дақты бөртпелер шығады. Бұл кезде дене қызуы 38 — 39С-қа дейін көтеріледі. Науқас баланың екі беті, көмекейі қызарып, бадамша безі ісінеді, қан қысымы көтеріліп, қанның ақ түйіршіктері (лейкоциттер) көбейеді, зәрінде белок пайда болады. Ауру асқынғанда дене қызуы 40С-тан асып, науқас сандырақтап, іші өте бастайды. Қан қысымы төмендеп, тамыр соғуы нашарлайды, тамақ асты және жақ асты безі ісініп, құлағынан ірінді бұлық ағады.



## *Қызылша ошағын эпидемиологиялық тексеру алгоритмі мен эпидемияға қарсы шараларды ұйымдастыру*

- » Қызылша ауруына күдікті науқас табылған жағдайда, кез келген медицина қызмекері шұғыл хабарлама жіберуі тиіс
- » Әрбір хабарланған жағдай міндетті түрде тіркеу журналына жазылады және ауру ошағы міндетті түрде эпидемиологиялық тексеріледі, эпидкарта толтырылады.
- » Науқастың қай мекемелерде болғандығы немесе қай елден келгені анықталады.
- » Науқасты ауруханаға жатқызады.
- » Науқаспен жанасуда болғандардың егілу статусы анықтау.
- » Ошақта дезинфекция жүргізімейді, вирус сыртқы ортада төзімсіз.

## ***ҚЫЗАМЫҚ ОШАҒЫН ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ ТЕКСЕРУ АЛГОРИТМІ МЕН ЭПИДЕМИЯҒА ҚАРСЫ ШАРАЛАРДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ***

- » **Қызамық ауруына күдікті науқас табылған жағдайда, кез келген медицина қызмекері шұғыл хабарлама жіберуі тиіс**
  - » **Әрбір хабарланған жағдай міндетті түрде тіркеу журналына жазылады және ауру ошағы міндетті түрде эпидемиологиялық тексеріледі, эпидкарта толтырылады.**
- Науқасты оқшаулау.**
- » **Осы ауруға ұқсас басқа ауруларды белсенді іздестіруді бастау.**
  - » **Қызамық вакцинасын алмағандарды тех егуге кірісу**

- Қызылша ауруында кейбір егу (ККП) жүргізілген балаларда бөртпелер аз шығып , ауру жеңіл түрінде өтеді және жылдам жазылады.
- Егу жүргізілмеген адамдарда қызылша ауыр өтеді, егер олар уақытында емделмесе асқынулар дамуы мүмкін.  
Егер науқастарда асқыну болмаса, онда арнайы ем жүргізудің қажеті жоқ. Дене қызуы қайта көтерілген науқаста отит, пневмония, ларинготрахеит, энцефалит, менингит сияқты асқынулар дамуы мүмкін.

*ҚЫЗАМЫҚ АСҚЫНҒАН ЖАҒДАЙДА*

МЕНИНГИТ, МАСТОИДИТ, ГАЙМОРИТ, ЛИМФАДЕНИТ, НЕФРИТ, Т.Б. АУРУЛАРҒА ШАЛДЫҒУЫ МҮМКІН. ҚЫЗАМЫҚТЫҢ ЖОҒАРЫДА АЙТЫЛҒАН БЕЛГІЛЕРІ 4 — 5 КҮННЕН КЕЙІН БАСЫЛАДЫ. ДЕНЕ ҚЫЗУЫ ҚАЙТЫП, БӨРТПЕЛЕР АЗАЙЫП, ҚАБЫРШАҚТАНЫП ТЕРІСІ ТҮСЕ БАСТАЙДЫ. БАЛАНЫҢ КӨҢІЛ КҮЙІ ЖАҚСАРЫП, АСҚА ТӘБЕТІ АШЫЛАДЫ. ЕМІ — АУРУ БІЛІНІСІМЕН БАЛАҒА **В** ИТАМИНІ МОЛ ТАҒАМДАР БЕРУ, АНТИБИОТИКТЕР ІШІП, ҚАН ҚҰЮ КЕРЕК. АУРУМЕН БІРГЕ БОЛҒАН ЖҮКТІ ӘЙЕЛДЕРГЕ ИММУНДЫ-ГЛОБУЛИН ЕГЕДІ. НАУҚАС ЖАТҚАН БӨЛМЕ ТАЗА ҰСТАЛЫП, ГИГИЕНАЛЫҚ ТАЛАП ҚАТАҢ САҚТАЛУЫ КЕРЕК.



## *Туыла біткен қызамық*

Туыла біткен қызамық синдромы — *Togaviridae* тұқымдастығына кіретін *Rubivirus* қоздырылатын, анадан ұрыққа вертикальді механизм арқылы берілетін антропоноздық респираторлық вирустық ауру. Вирус жүктіліктің бірінші триместрінде жұқса баада туыла біткен кемтарлық, ал одан кейінірек мерзімде жұқтырса — ішкі ағзалары бұзылған балалардың туылуына себепкер болады. Туыла біткен қызамық синдромы бар бала 18 айлығына дейін вирус бөліп тұрады, айналасындағыларды ауа-тамшылы жолмен зарарлайды.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. “ҚАЗАҚ ЭНЦИКЛОПЕДИЯСЫ”, II-том
2. ВЕРНЕР, ДЭВИД. ХАЛЫҚҚА МЕДИЦИНАЛЫҚ ЖӘРДЕМ КӨРСЕТУ ЖӨНІНДЕГІ (АНЫҚТАМАЛЫҚ). ҚАЗАҚ ТІЛІНЕ АУДАРҒАНДАР: АЙЫМБЕТОВ М, БЕРМАХАНОВ А.—Алматы: "Демалыс", "ҚАЗАҚСТАН", 1994— 506 БЕТ.
3. К.А. Жуманбаев «Клиникалық иммунология және аллергология», Караганды, 2008
4. Л.Б.Борисов. Медицинская микробиология, вирусология, иммунология. Москва. – МИА. – 2005. – 736с.
5. Вирусология, иммунология, генетика, молекулалық биология. Орысша-қазақша сөздік. – Алматы, «Ана тілі» баспасы, 1993 жыл. ISBN 5-630-0283
6. Эпидемиология. Жалпы эпидемиология 1-том – Алматы: ЖАК-ТЫН БАСПА ОРТАЛЫҒЫ 2000 жыл.
7. [HTTPS://KK.WIKIPEDIA.ORG/WIKI/](https://kk.wikipedia.org/wiki/)
8. [HTTP://REFERATIKZ.RU/TMAU\\_G](http://referatikz.ru/tmau_g)
9. [FREEPAPERS.RU/46/TMAU-TURALY-NE-](http://freepapers.ru/46/tmau-turaly-ne-).
10. [REFERATI.KZ/LOAD/REFERATY/... /...](http://referati.kz/load/referaty/.../...)
11. [HTTP://MEDKZ.UCOZ.COM/PUBL/ORTA\\_BUYN\\_MEDICINA](http://medkz.ucoz.com/publ/orta_buyn_medicina)